

«Спортты- біз сүйеміз!»

(Ашық есік күні)

Тәрбиеші: Кишкенебаева Р

"Спортты – біз сүйеміз"

Мақсаты: Балалар ата – аналарды спорттық ойындарды орындата отырып спортқа деген қызығушылықтарын арттыру – Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі

Құрметті қонақтар ата – аналар, балалар бүгінгі "Спортты біз сүйеміз!" атты оқу іс- әрекетімізге қош келдіңіздер!

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Денсаулығың мықты боларсың.

Ал енді құрметті сайыскерлер!

Сіздерге сәт сапар!

Жарысымызды бастаймыз.

1. **"Тұлпар"** тобын ортаға шақырамыз.

2. **"Қыран"** тобын ортаға шақырамыз.

1. «Шеңберге тұру». (Амандасу)

2. «Оңға, солға жүгіріп, жаттығулар жасау». (Денені қыздыру жаттығулары)

3. «Матрас үстіне аунау». (негізгі жаттығулар)

4. «Гір көтеру». (күш сынасу)

5. «Асық ату».

6. «Арқан тарту».

7. «Қапшықпен кеглидың арасымен секіру».

Спорт туралы тақпақтар

Кәне, балалар, біз өзімізді жайлауда жүрміз деп елестетейікші. Жайлаудағы жылқыларымызды іздейік, оңға бір, солға бір қарап іздейік.

Енді құрығымызды айналдырып, жылқымызды ұстайық. Жылқымызды ерттеп, оған мініп, кәне енді бәріміз шабайық.

Қорытынды:

Қызықты өтті бүгінгі сайысымыз,

Жоғары боп күш жігер намысымыз.

Осылайша қуанышпен думандатып,

Аяқталсын көңілді жарысымыз-

дей келе «Спортты- біз сүйеміз!» атты жарысымыз аяқталды.

Балаларды мадақтау.